ӘОЖ 631.587 (574.51)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫ

# РАЗВИТИЕ ОТРАСЛИ РАСТЕНИЕВОДСТВА В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# DEVELOPMENT OF CROP PRODUCTION SECTOR IN THE ALMATY REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Д.А. ҚАЛДИЯРОВ**
экономика ғылымдарының докторы
**А.М. КАСЕНОВА**
экономика ғылымдарының магистрі
**М.С. ОРЫСБАЕВА**
экономика ғылымдарының магистрі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

**Аңдатпа. Алматы облысының ауыл шаруашылығының негізгі көрсеткіштері шаруашылықтың барлық категориясы бойынша зерттелген: аудандар қимасындағы жалпы өнімнің көлемі және соңғы бес жылдағы өсімдік шаруашылығы, өсімдік шаруашылығының құрылымы, 2016 ж. Егін алқабы, 2012-2016 жж. жеміс-жидектер және жүзім өндірісі. Жан басына шаққандағы өнімді пайдалануы, облыстағы өсімдік өнімдерінің басты түрлері көрсетілген. Шаруа шаруашылығының азіргі жағдайына баса назар аударылады. Ауданның ауылшаруашылық өндірісіндегі шаруа шаруашылығының үлесі, егін алқабының көлемі, ауылшаруашылық дәнді-дақылдардың өнімділігі, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өткізу жолдары, 2017 жылдың қаңтарындағы қызмет көрсету және өнімнің жалпы шығарылым көлемі келітірілген.**

**Аннотация. Исследованы основные показатели развития сельского хозяйства Алматинской области по всем категориям хозяйств: объем валовой продукции в разрезе районов и продукции растениеводства за последние пять лет, структура растениеводства, посевная площадь за 2016 г., производство фруктов и винограда за 2012-2016 гг. Показаны потребление продукции на душу населения, доля категорий хозяйств в производстве основных видов растениеводческой продукции области. Особое значение придается современному состоянию крестьянских хозяйств. Приведены размеры посевных площадей, доля крестьянских хозяйств в сельскохозяйственном производстве района, урожайность сельскохозяйственных культур, пути сбыта продукции растениеводства, объем валового выпуска услуг и продукции за январь 2017 года.**

**Abstract. The main indicators of the development of agriculture in Almaty region for all categories of farms have been studied: volume of gross output in terms of areas and crop production over the past five years, structure of crop production, sown area for 2016, production of fruits and grapes in 2012-2016. The consumption of products per capita, the share of farm categories in production of main types of crop production in region have been presented. Particular importance is paid to the present state of peasant farms. The sizes of sown areas, the share of peasant farms in agricultural production of the region, the yield of agricultural crops, the ways of marketing of crop production, the volume of gross output of services and products for January 2017 have been presented.**

**Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, ауылшаруашылық мекемелер, шаруа (фермерлік) шаруашылығы, тұрғындардың үй шаруашылығы, егіс алқабы, дәнді-дақылдар, техникалық дақылдар.**

**Ключевые слова: сельское хозяйство, животноводство, растениеводство, сельскохозяйственные предприятия, крестьянские (фермерские) хозяйства, домашние хозяйства населения, посевная площадь, зерновые культуры, технические культуры.**

**Key words: agriculture, livestock production, crop production, agricultural enterprises, peasant (private) farms, households of population, sowing area, crops, technical crops.**

Қазақстан бойынша өсімдік шаруашылығында Алматы облысының алатын орны ерекше. Облыстың әрбір ауданы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша дәнді дақылдар, техникалық дақылдар, көкөніс алқаптарына бай өңірлердің бірі саналады.

Барлық шаруашылық санаттарына ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, шаруа қожалықтары және үй шаруашылығы кіреді. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының өзін-өзі басқару жүйесі түрлі ұйымдастыру және құқықтық нысан түрінде қалыптасқан басқару жүйелері арқылы іске асырылады, олар өндірістік кооператив, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, фермер қожалықтары [1]. Халықтың жеке шаруашылықтары, ұжымдық бау-бақшалар, саяжайлық жерлер үй шаруашылығына кіреді. Шаруа немесе фермерлік қожалықтары – өмірлік пайдала-нымдағы немесе жерді жалға алу жағдай-ында пайдалану негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сату, қайта өңдеуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерліктің еркін түрі болып саналады.

2017 жылғы қаңтардағы Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің, қызметтерінің жалпы шығарылымы – 18244,8 млн.теңгені, ағымдағы бағаларда, құрады (кесте 1).

Кесте 1 – Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімінің, қызметінің жалпы шығарылымы, млн. теңге

| Мазмұны | Жалпы шығарылым | Одан | |
|---|---|---|---|
| | | өсімдік шаруашылығы өнімдері | мал шаруашылығы өнімдері |
| Алматы облысы | 18 244,8 | 719,1 | 17 520,1 |
| Талдықорған қ.ә. | 687,9 | 2,5 | 685,1 |
| Қапшағай қ.ә | 215,8 | 92,6 | 122,9 |
| Текелі қ.ә. | 62,9 | 29,9 | 33,0 |
| Ақсу | 588,7 | 1,5 | 586,6 |
| Алакөл | 676,4 | - | 676,2 |
| Балқаш | 604,1 | - | 603,8 |
| Еңбекшіқазақ | 2 900,6 | 439,1 | 2 461,5 |
| Жамбыл | 976,9 | 27,9 | 948,8 |
| Кербұлақ | 549,4 | - | 549,1 |
| Көксу | 393,1 | 4,4 | 388,4 |
| Қаратал | 279,9 | 4,6 | 274,8 |
| Қарасай | 1 856,7 | 55,0 | 1 801,3 |
| Панфилов | 732,9 | 29,0 | 703,5 |
| Райымбек | 1176,9 | - | 1 176,9 |
| Сарқан | 396,9 | 0,5 | 396,0 |
| Талғар | 1 221,2 | 14,8 | 1 205,9 |
| Ескельді | 498,9 | - | 498,6 |
| Уйғыр | 599,8 | 2,0 | 597,6 |
| Іле | 3 825,8 | 15,3 | 3 810,2 |
| Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Алматы облысының Статистика департаменті | | | |

2016 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 101,8%, мал шаруашылығы өнімі – 17520,1 млн.теңге (2016 жылғы қаңтарға 101,9%), өсімдік шаруашылығы өнімі – 719,1 млн.теңге (100,0%) болды.

Соңғы бес жылдағы Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2012 жылы 290 983,8 млн. теңге болған, оның 51,8% өсімдік шаруашылығы құраса, мал шаруашылығы 48,2% құраған. 2013 жылы көлемі 342 543,2 млн теңге ауыл шаруашылығының 48,7%-ын мал шаруашылығы, ал 51,3% өсімдік шаруашылығы есебінен болған (кесте 2).

Кесте 2 – Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша ауыл шаруашылығының 2012-2016 жж. дамуының негізгі көрсеткіштері

| Мазмұны | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|
| Ауыл шаруашылығы, млн теңге | 290 983,8 | 342 543,2 | 377 014,0 | 425 307,9 | 551 101,1 |
| оның ішінде: | | | | | |
| Өсімдік шаруашылығы | 150 361,1 | 175 248,2 | 189 290,2 | 214 429,3 | 302 633,5 |
| Мал шаруашылығы | 139 907,1 | 166 422,7 | 186 668,4 | 209 441,1 | 246 934,4 |
| Ескерту - Алматы облысының статистикалық департаментінің 2012-2016 жж. есебі | | | | | |

2014 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 377 014,0 млн теңге болса, оның 50,2%-ын өсімдік шаруашылығы, ал мал шаруашылығы 49,8%-ын құраған. 2015 жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 425 307,9 млн. теңгеге өскен. Оның 50,4%-ын өсімдік, ал 49,6%-ын мал шаруашылығының есебінен болған. 2016 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 551 101,1 млн теңгеге жетіп, оның 45%-ы мал шаруашылығының, ал 55%-ы өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің есебінен болған [2].

2015 жылы шаруа немесе фермерлік шаруашылықтар өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің 50%-дан жоғарысы (54,8%-ын ашық грунттағы көкөністер, 97,2% - күнбағыс тұқымы), үй шаруашылығында 86%-жеміс, 45,4% - картоп, 49,2%-ет, 86,3%-сүт өндірілген [3].

Соңғы бес жылдағы Алматы облысы бойынша өсімдік шаруашылығының өнімдерінің көлемі 3-кестеде.

Кесте 3 – Алматы облысы бойынша 2012-2016 жж. өсімдік шаруашылығының өнімдері

| Мазмұны | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|
| Өсімдік шаруашылығы | 150 361,1 | 175 248,2 | 189 290,2 | 214 429,3 | 302 633,5 |
| Барлық егіс алқабы, мың гектар | 909,0 | 889,6 | 910,9 | 921,1 | 926,2 |
| Оның ішінде | | | | | |
| Дәнді дақылдар | 470,5 | 450,5 | 445,0 | 447,3 | 449,2 |
| Бидай | 215,4 | 194,3 | 167,8 | 161,4 | 140,5 |
| Арпа | 174,1 | 172,2 | 191,2 | 199,6 | 223,5 |
| Дәнді жүгері | 62,6 | 66,0 | 67,8 | 69,5 | 72,0 |
| Күріш | 14,1 | 14,2 | 14,2 | 14,2 | 10,6 |
| Техникалық дақылдар | 155,4 | 148,5 | 162,5 | 164,1 | 161,9 |
| Күнбағыс | 40,8 | 35,4 | 31,4 | 26,5 | 26,0 |
| Қант қызылшасы (фабрикалық) | 11,1 | 6,3 | 1,6 | 0,4 | 0,4 |
| Темекі | 0,7 | 0,7 | 0,7 | - | - |
| Картоп, көкөніс-бақшалық дақылдар | 66,9 | 71,0 | 73,1 | 74,6 | 75,1 |
| Жемдік дақылдар | 216,2 | 219,6 | 230,2 | 234,65 | 236, |
| Бау-бақша мен жүзімдер | 20,0 | 20,4 | 21,3 | 21,0 | 19,6 |
| Ескерту - Алматы облысының статистикалық департаментінің 2012-2016 жж. есебі | | | | | |

2016 жылғы 1 қаңтардағы Алматы облысының өсімдік шаруашылығының құрлымы бойынша талдау жүргізер болсақ барлық егістіктер алқабы 926,2 мың гектарды құрайды. Дәнді дақылдар алқабы 449,2 мың га, ал техникалақ дақылдар 161,9 мың га, картоп, көкөніс-бақшалық дақылдар 75,1 мың га болса, жемдік дақылдар 236 мың га тең.

Алматы облысындағы ауыл шаруашылығындағы дақылдардың жалпы өнімі дәнді дақылдар бойынша 2016 жылы 1 220,3 мың тонна болған. Бидай өнімі 279,3 мың тонна, арпа өнімі 451,7 мың тоннаны, ал дәнді жүгері өнімі 441,3 мың тоннаны құраған. Күріш өнімінің көлемі 44,1 мың тонна болса, қант қызылшасы 122,8 мың тоннаға жеткен. Күнбағыс 26,2 мың тонна, картоп өнімі 706,7 мың тонна, ал көкөніс 947,9 мың тонна болған. 2016 жылғы негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін 1 га ц есептегенде, дәнді дақылдар 26,1 ц, бидай 18,6 ц, арпа 21,1 ц, дәнді жүгері 61,4 ц болса, ал күріш 33,1 ц құраған. Қант қызылшасы 352,4 ц, күнбағыс 9,5 ц, картоп 181,5 ц болса, көкөніс 291,9 ц болған.

2012 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы өсімдік шаруашылығының үлесі 45% болса, 2013 жылы 43,8% төмендеген, 2014 жылы оның үлесі 43,1%-ды құраған. 2015 жылы 36,7%-ды ғана құрап, 2016 жылда үлесі 38,2%-ға жеткен. Ал жұршылық шаруашылығында 2012 жылы өсімдік шаруашылығының үлесі 30,3% болса, 2013 жылы 27,1% болған. 2014 жылы бұл көрсеткіш 26,1% түскен, 2016 жылы 26,7%-ға жетіп, 2016 жылда 40,6%-ды құраған. Бұл көрсеткіштер 4-кестеде.

Кесте 4 – Өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемі (млн тг) мен үлесі, %

| Мазмұны | Барлығы АШ к/орын | ӨШ | Барлығы ЖШ | ӨШ | Барлығы ШнФҚ | ӨШ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2012 ж. | 41 284,2 | 18 585,3 | 146 841,1 | 44 535,1 | 102 858,5 | 87 240,7 |
| үлесі % | 100 | 45 | 100 | 30,3 | 100 | 84,8 |
| 2013 ж. | 45 722,6 | 20 060,5 | 166 482,4 | 45 112,1 | 130 338,2 | 110 075,6 |
| үлесі % | 100 | 43,8 | 100 | 27,1 | 100 | 84,4 |
| 2014 ж. | 56 044,6 | 24 132,2 | 179 451,9 | 47 301,2 | 141 517,5 | 117 856,8 |
| үлесі % | 100 | 43,1 | 100 | 26,1 | 100 | 83,3 |
| 2015 ж. | 72 736,4 | 26 722,3 | 190 139,3 | 50 953,9 | 162 432,3 | 136 753,1 |
| үлесі % | 100 | 36,7 | 100 | 26,7 | 100 | 84,1 |
| 2016 ж. | 77 821,5 | 29 745,8 | 287 721,2 | 116 987,9 | 185 558,4 | 155 899,7 |
| үлесі % | 100 | 38,2 | 100 | 40,6 | 100 | 84,0 |
| Ескерту - Алматы облысының статистикалық департаментінің 2012-2016 жж. есебі негізінде автормен құрастырылған. | | | | | | |

Сондай-ақ кестеден, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша 2012 жылы 84,8%-ды, 2013 жылы 84,4%-ды, ал 2014 жылы 83,3%-ды құраған. 2015 жылы 84,4%, 2016 жылы 84,0% болған. Байқағанымыздай, шаруа қожалықтарының жалпы өнім көлемінің ең жоғары пайызы осы өсімдік шаруашылығының үлесінде. 2016 жылдың 1 қаңтарындағы ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі өсімдік шаруашылығының аудандар бойынша көлемі мен үлесі жоғары аймақ Еңбекшіқазақ ауданы 45 185,5 млн теңгені құрайды. Еңбекшіқазақ ауданы бойынша өсімдік шаруашылығы 62,4% тең (кесте 5).

Кесте 5 – Өсімдік шаруашылығының аудандар бойынша көлемі (млн.тг) мен үлесі (%)

| Мазмұны | Барлығы | Өсімдік шаруашылығы | Жалпы өнімдегі үлесі, (%) |
|---|---|---|---|
| Алматы облысы | 551 101,1 | 302 633,5 | 54,9 |
| Ақсу | 19 894,7 | 8 987,3 | 45,1 |
| Алакөл | 31 247,4 | 16 241,7 | 52,0 |
| Балқаш | 18 737,4 | 8 987,3 | 46,3 |
| Еңбекшіқазақ | 72 414,7 | 45 185,5 | 62,4 |
| Ескелді | 22 705,4 | 14 762,0 | 65,0 |
| Жамбыл | 32 680,3 | 16 665,2 | 50,1 |
| Іле | 57 204,3 | 25 249,6 | 44,1 |
| Қарасай | 40 891,7 | 21 044,8 | 51,5 |
| Қаратал | 21 548,1 | 14 595,5 | 67,7 |
| Кербұлақ | 27 334,6 | 14 911,2 | 54,5 |
| Көксу | 21 768,5 | 14 855,9 | 68,2 |
| Панфилов | 34 498,9 | 19 551,6 | 56,7 |
| Райымбек | 34 113,5 | 13 661,4 | 40,0 |
| Сарқан | 24 689,3 | 15 285,9 | 62,0 |
| Талғар | 40 175,3 | 23 853,6 | 59,4 |
| Ұйғыр | 21 713,2 | 9 797,0 | 45,1 |
| Қапшағай | 12 730,4 | 10 169,8 | 79,8 |
| Талдықорған | 13 722,4 | 6 990,2 | 50,9 |
| Текелі | 3 031,0 | 2 142,0 | 70,7 |
| Ескерту - Алматы облысының статистикалық департаментінің 2016 ж. есебі негізінде автормен құрастырылған. | | | |

Ал, екінші орында Іле ауданы 25 249,6 млн. теңге, өз кезегінде Іле ауданындағы өсімдік шаруашылығы шаруашылықтың 44,1%-ды құрайды. Үшінші орында Талғар ауданы 23 853,6 млн. теңгені құрап, өсімдік

шаруашылығы Талғар ауданындағы шаруашылықтың 59,4%-на тең.

Алматы облысындағы өсімдік шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді халықтың жан басына шаққанда Астық өнімдері 2012 ж. 587 кг, картоп өнімі 341 кг, көкөніс 368 кг тең болған, 2013 жылы астық өнімдері 525 кг, картоп өнімдері 356 кг, көкөніс өнімдері 433 кг болған, 2014 жылы астық өнімдерін өндіру 556 кг, картоп 329 кг, көкөніс өнімдерін өндіру 451 кг тең. Астық өнімдері 2015 жылы 542 кг, картоп өндіру 339 кг, көкөніс өндіру 463 кг болған. 2016 жылы бұл көрсеткіштер біршама өскен, яғни астық өнімдері 631 кг, картоп өндіру 365 кг, көкөніс өндіиру 490 кг болған.

Халықтың жан басына шаққанда өсімдік шаруашылығындағы негізгі азық-түлік өнімдерін тұтыну картоп бойынша 2012 жылы 47 кг, көкөніс және бақшалық азық-түлік өнімдерін тұтыну 112 кг килограмм, нан өнімдері 143 кг тең болған. Аталмыш өнімдерді тұтыну 2013 жылы картоп 44 кг, көкөніс және бақшалық өнімдер 102 кг, нан өнімдері 136 кг болған. 2014 жылы картоп 45 кг,көкөніс және бақшалық өнімдер 102 кг, нан өнімдері 129 кг болса, 2015 жылы нан өнімдері 134 кг, көкөніс және бақшалық өнімдері 100 кг, картоп өнімдерді 42 кг болған [қара 3].

Ауыл шаруашылығының өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жеке санаттары бойынша 2016 жылдағы жалпы түсімі 6 кестеден көруге болады.

Кесте 6 – 2016 жылдағы ауыл шаруашылығының өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жеке санаттары бойынша жалпы түсімі, мың центнер

| Мазмұны | АШ барлық санаттары | Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында | Шаруа немесе фермер қожалығында | Халықтың үй шаруашылығында |
|---|---|---|---|---|
| Дәнді дақылдар, барлығы | 12 202 | 2 644,4 | 9 477,4 | 81,0 |
| оның ішінде | | | | |
| Күздік бидай | 2 144,4 | 614,1 | 1 530,3 | - |
| Жаздық бидай | 649,0 | 139,4 | 509,6 | - |
| Күздік арпа | 421,5 | 42,6 | 378,9 | - |
| Жаздық арпа | 4 094,9 | 590,4 | 3 504,5 | - |
| Сұлы | 28,6 | 10,4 | 18,3 | - |
| Құрғақ дәндік жүгері | 4 412,9 | 871,8 | 3 460,0 | 81,0 |
| Күріш | 440,8 | 374,3 | 66,5 | - |
| Күнбағыс | 262,1 | 19,7 | 239,2 | 3,2 |
| Соя | 2146,8 | 271,0 | 1 875,8 | - |
| Қант қызылшасы | 1 227,6 | 157,3 | 1 068,7 | 1,6 |
| Картоп | 7 066,6 | 226,1 | 3 497,8 | 3 342,6 |
| Көкөніс | 9 478,7 | 941,5 | 5 289,3 | 3 247,8 |
| Ескерту- Алматы облысының статистикалық департаментінің 2016 ж. есебі | | | | |

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы күздік бидайдың жалпы түсімі 614,1 мың ц, жаздық бидай 139,4 мың ц, күздік арпа 42,6 мың ц, жаздық арпа 590,4 мың ц, сұлының жалпы түсімі 10,4 мың ц, құрғақ дәндік жүгері 871,8 мың ц, күріш түсімі 374,3 мың ц, ал барлық дәнді дақылдар түсімі 2 644,4 мың ц тең. Күнбағыстың жалпы түсімі 19,7 мың ц, соя түсімі 271,0 мың ц, қант қызылшасы 157,3 мың ц болса, картоп түсімі 226,1 мың ц, көкөніс түсімі 941,5 мың ц болған.

Шаруа немесе фермер қожалықтарындағы күздік бидайдың жалпы түсімі 1 530,3 мың ц, жаздық бидай 509,6 мың ц, күздік арпа 378,9 мың ц, жаздық арпа 3 504,5 мың ц, сұлының жалпы түсімі 1 мың ц, құрғақ дәндік жүгері 3 460,0 мың ц, күріш түсімі 66,5 мың ц, ал барлық дәнді дақылдар түсімі 9 477,4 мың ц тең. Күнбағыстың жалпы түсімі 239,2 мың ц, соя түсімі 1 875,8 мың ц, қант қызылшасы 1 068,7 мың ц болса, картоп түсімі 3 497,8 мың ц, көкөніс түсімі 5 289,3 мың ц болған.

Үй шарушылығындағы құрғақ дәндік жүгері 81,0 мың ц, күнбағыстың жалпы түсімі 3,2 мың ц, қант қызылшасы 1,6 мың ц болса, картоп түсімі 3 342,6 мың ц, көкөніс түсімі 3 247,8 мың ц болған. Өсімдік шаруашылығының негізгі түрлерін өндіруде фермерлер мен халықтың қосалқы шаруашылығының үлес салмағы төмендегі 1-ші суретте берілген [қара 3].

2016 жылғы 1 қаңтардағы өсімдік шаруа-шылығы өнімдерінің жалпы өнімділігі аудан-дар бойынша талдап карастырсақ, бидай өнім-ділігі Сарқан ауданында 44,2 мың ц, Кербұлақ ауданында 394,4 мың ц, Жамбыл ауданында 388,2 мың ц тең. Арпа өнімділігінде алғашқы орында Кербұлақ ауданы 1 059,2 мың цент-нермен, келесіде Жамбыл ауданы 646,9 мың ц, үшіншіде 450,4 мың ц Алакөл ауданы тұр.




Ескерту - Алматы облысының статистикалық мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Сурет 1 – Өсімдік шаруашылығының негізгі түрлерін өндіруде фермерлер мен халықтың қосалқы шаруашылығының үлесі, пайызбен

Дәндік жүгері өнімділігі бойынша алғашқы орында 1 531,2 мың ц Панфилов ауданы, 1 311,1 мың ц Еңбекшңқазақ ауданы, 669,8 мың ц Қапшағай қаласы орналасқан. Алакөл ауданы 86,9 мың ц, Сарқан ауданы 66,6 мың ц, Еңбекшіқазақ ауданы 39,6 мың ц күнбағыс өнімділігі бойынша бірінші үштік орында. Соя өнімділігі бойынша біріншіде Сарқан ауданы 488,3 мың ц, Алакөл ауданы 479,7 мың ц екінші, Ескелді ауданы 267,4 мың ц үшінші орында. Қант қызылшасы өнімділігі бойынша бірінші үштікте Ескелді ауданы 383,2 мың ц, Көксу ауданы 249,4 мың ц және Ақсу ауданы 213,1 мың ц тұр. Райымбек ауданы 1 434,0 мың ц, Қарасай ауданы 870,3 мың ц, Еңбекшіқазақ ауданы 761,6 мың ц көрсеткіштерімен картоп өнімділігі бойынша алғашқы үштікте. Көкөніс өнімділігі бойынаша көрсеткіштер Еңбекшіқазақ ауданында 2 928,8 мың ц, Қапшағай қаласында 1 314,7 мың ц, Іле ауданында 967,2 мың ц болған. Күріш өнісділігі Балқаш ауданында 317,2 мың ц, Қаратал ауданында 123,6 мың ц болған. Соңғы бес жылдағы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша жеміс-жидектердің және жүзімнің жалпы өнімділігі мен алқабын 7-кестеден көруге болады.

Кесте 7 – 2012-2016 жж. аралығындағы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша жеміс-жидектердің және жүзімнің жалпы өнімділігі мен алқаптары

| Жылдар | Барлық көшеттер, мың гектар | | Соның ішінде жеміс беретін жастағылар, мың гектар | | Өнім жинау | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | барлығы, мың центнер | | жеміс беретін аумақтың 1 гектарынан, центнер. | |
| | Жеміс Жидек | Жүзім | Жеміс Жидек | Жүзім | Жеміс жидек | Жүзім | Жеміс жидек | Жүзім |
| 2102 | 14,8 | 4,8 | 13,1 | 4,6 | 607,4 | 155,2 | 46,5 | 33,8 |
| 2013 | 15,3 | 4,7 | 13,1 | 4,6 | 639,3 | 170,1 | 48,8 | 37,0 |
| 2014 | 16,6 | 4,7 | 13,8 | 4,6 | 708,4 | 172,2 | 51,3 | 37,3 |
| 2015 | 16,3 | 4,7 | 14,2 | 4,7 | 875,1 | 179,0 | 61,6 | 38,0 |
| 2016 | 14,9 | 4,7 | 13,4 | 4,5 | 891,5 | 201,6 | 67,0 | 44,6 |
| Ескерту- Алматы облысының статистикалық департаментінің 2012-2016 жж. есебі | | | | | | | | |

Кестеден соңғы 2016 жылдағы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша жеміс-жидектердің және жүзімнің жалпы өнімділігі мен алқаптарын қарастырсақ. Жеміс-жидектер бойынша барлық көшеттер 14,9 мың га жерді алып жатыр, оның 13,4 мың га жеміс беретін жастағылар. Жеміс-жидек бойынша жалпы өнімділік 891,5 мың ц құраған, ал жеміс беретін аумақтың 1 га 67,0 ц өнім өндірілген. Жүзім алқабы облыс

ойынша 4,7 мың га тең, оның 4,5 мың га жеміс беретін алқап. Жүзім өнімінің барлығы 2016 жылы 201,6 мың ц болған, ал 1 га аумақтан алынатын жүзім көрсеткіші 44,6 ц тең.

Алматы облысындағы шаруашылық санаттарының ішінде аса маңызды рөлге шаруа қожалықтары ие. Облыстағы шаруа қожалықтарының бүгінгі жағдайына тоқталып, талдау жүргізетін болсақ, шаруа қожалықтарының егістік алқабының көлемін және өсімдік шаруашылығы өнімдері, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өткізу категориялары бойынша көрсеткіштерді көре аламыз. Облыс бойынша егістік алқабының 50,4%-ын дәнді-дақылдар алқабы 340 мың га, 19,1 %-ын техникалық дақылдар 128,4 мың га, ал 168,8 мың га 25 %-ын азықтық алқаптары құраса, картоп алқабы 2,9%-бен 19,4 мың га, көкөністер алқабы 2,6%-бен 17,4 мың га құрап отыр.

Дәнді дақылдар алқабы өз кезегінде 73,6 мың га күздік бидай алқабынан, 243 мың га жаздық бидай, 15 мың га гектар күздік арпа, 167,6 мың га жаздық арпа, 1,2 мың га сұлы, 56,1 мың га дәнді жүгері және 1,5 мың га күріш алқабтарынан құралған. Ал облысының шаруа қожалықтары бойынша дәнді дақылдар алқабы ең көп үштік аудандар ол Кербұлақ - 69,9 мың га, Сарқан - 43,3 мың га, Ақсу -30,5 мың гектар.

Ал техникалық дақылдар алқабы 22,4 мың га күнбағыс, 82,3 мың га, соя 3,3 мың га, қант қызылшасының алқабынан тұрады. Ал күнбағыс алқабының - 9,4 мың гектары және соя алқабының – 20,1 мың гектары Алакөл ауданына тиесілі және сонысымен оның үлесі жоғары басқалардан жоғары тұр. Азық алқабының 153,2 мың га көп жылдық шөптер, ал 4,6 мың га жемге арналған жүгері және көк шөптер, 10,7 мың га біржылдық шөптер алқабы құрайды.

Алматы облысы бойынша негізгі дәнді дақылдардың, жүгеріні қоса алғанда жалпы өнімі 2016 жылы 9 477,4 мың ц, оның ең көп бөлігін 1422,7мың ц Панфилов ауданы, екінші 1 377,2 мың ц Кербұлақ ауданы және 1 334,1 мың ц Еңбекшіқазақ ауданы алып жатыр. Облыс бойынша шаруа қожалықтарының картоп өнімділігі 2016 жылы 3 498 мың центнер. Негізгі үлесі 1 027,0 мың ц Райымбек ауданына, 546,5 мың ц Қарасай, 491,1 мың ц Еңбекшіқазақ аудандарына тиесілі [4].

Қорыта айтқанда, Алматы облысындағы өсімдік шаруашылығының динамикасы барлық көрсеткіштер бойынша сандық тұрғыдан, типті аудан бөлінісі бойынша да жылдан жылғы артуда, бірақ Жетісу жерінің әл-ауқаты бұдан да жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндігі бар. Облысымыздағы өсімдік шаруашылығының көрсеткіштерін салыстырмалы түрде, жан басына, тұтыну деңгейіне қарай шаққанда әлі де дамыту қажеттігі айқын көрініс тауып отыр.

### *Пайдалынған әдебиеттер тізімі*


1 Абилгазиева Ж.Е., Сабырова М.Е., Туребаева Ж.К. ҚР ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тетіктері // Аграрлық нарық проблемалары.-2015.- №4. - Б.37-43.

2 Бекбосынова А.Б., Гусева В.И. Талғар ауданының өсімдік шаруашылығы саласындағы шаруашылық нысандарының даму жағдайын талдау// Ізденістер, нәтижелер.-2016.-№ 4 (72).- Б. 368-371.

3 Акимбекова Ш.У., Жумашева С.Т. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен Алматы облысының фермерлік шаруашылықтарының органикалық өнім өндіруі// Аграрлық нарық проблемалары.-2015.- №3. - Б.98-103.

4 Алматы облысы- 2016. Алматы облысының статистикалық жылнамалығы// Алматы: Алматы облысының статистика департаменті. – 2016.- Б. 282.


### *Pajdalynғan әdebietter tizimi*


1 Abilgazieva Zh.E., Sabyrova M.E., Turebaeva Zh.K. ҚR auyl sharuashy-lyғy salasyn memlekettik retteu tetikteri // Agrarlyқ naryқ problemalary.-2015.- №4. - B.37-43.

2 Bekbosynova A.B., Guseva V.I. Talғar audanynyң әsimdik sharuashylyғy salasyndaғy sharuashylyқ nysandarynyң damu zhaғdajyn taldau// Izdenister, nәtizheler.-2016.-№ 4 (72).- B. 368-371.

3 Akimbekova Sh.U., Zhumasheva S.T. Қazaқstan Respublikasynyң auyl sharuashylyқ kәsiporyndary men Almaty oblysynyң fermerlik sharuashylyқtarynyң organikalyқ өnim өndirui// Agrarlyқ naryқ problemalary. - 2015. - №3. - B.98-103.

4 Almaty oblysy- 2016. Almaty oblysynyң statistikalyқ zhylnamalyғy // Almaty: Almaty oblysynyң statistika departamenti. – 2016.- B. 282.